

Қасым Қайсенов (1918-2006)





Қасым Қайсенов

1918 ж. 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданындағы Асу - Бұлақ аулында дүниеге келді. Туған аулында орталау мектепті бітірген соң, 1934 жылы Өскемен қаласы саяси-ағарту техникумына түсіп, оны 1938 жылы бітірген. Арнайы білім алып, инспектор болып қызмет істейді. 1939 жылы әскери мектепке түседі, 1941 жылы күзінде бітіріп шығады. Оңтүстік батыс майдан штабының қарамағына жіберіледі. Гитлершілер басып алған Украина жеріне, жау тылына аттанады. Қ. Қайсеновтің тұңғыш шығармасы 1954 жылы «Жас партизандар» деген атпен жарық көрді. Оған Қазақстан Республикасының «Алтын жұлдыз» белгісімен, «Чехославакия партизаны» Украинаның 3-дәрежелі «Данқ», 2 рет 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және медальдарымен марапатталған.

Қ.Қайсенов Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңін, жауынгерлердің жанқиярлық ерлігін шынайы суреттеген, оқушы жұртшылыққа кеңінен мәлім көптеген шығармалардың авторы.

1954 жылы орыс тілінде «Жас партизандар» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Одан кейінгі кездерде

«Илько Витряк»

«Переяслав партизандары»

«Ажал аузынан»

«Жау тылындағы бала»

«Днепрде»

«Жау тылында»

«Партизан соқпақтары», тағы басқа әңгіме, очерк, повесть жинақтары оқырман қолына тиді.

Бұл шығармалары орыс, украин, басқа да көптеген тілдерге аударылған.

Кейінгі кездері

«Елімнің ертеңіне сенемін»

«Естеліктер мен жазбалар», тағы да басқа кітаптары жарық көрді.

Марапаттары:

«Богдан Хмельницкий»

«Отан соғысы»

«Чехословакия партизандары»

*Украинаның «За заслуга» ордендерімен
Кеңестер Одағының көптеген орден,
медальдарымен марапатталған.*

*Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан
Момышұлы атындағы әдеби сыйлығының
лауреаты.*

Қазақстанның халық қаһарманы.